


2023 жылдың қыркүйек айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі

Қыркүйекте іскерлік белсенділік көрсеткіші **49,0** болып, төмендегенін көрсетті. Осылайша, индекс теріс аймаққа өтті.

Индекс барлық секторда да теріс аймақта тұр. Едәуір төмендегені құрылыс индексі болды. Онда көрсеткіш 49,9-дан **48,5**-ке дейін түсті. Өндірісте индекс **49,4** (тамызда – 49,7) болса, қызмет көрсетуде – **49,1** (49,9), ал тау-кен өнеркәсібінде индекс – **48,6** (49,5). Жеткізілімдегі мерзімдер тау-кен өнеркәсібінен басқа барлық сектордағы іскерлік белсенділікті тежейтін фактор болып қалып отыр. Тау-кен өнеркәсібінде өндіріс көлемі мен жұмыспен қамту деңгейінің төмендегені байқалды.



Ағымдағы бизнес жағдайды бағалау көрсеткіші жақсарды. Бірақ келешек бизнес-жағдайға деген оптимизм төмендеді. Осылайша, **ағымдағы және болашақтағы** бизнес-жағдайдың орташа бағасын білдіретін **бизнес-климат индексі 9,4** (2023 жылғы тамызда – 10,9) құрады. Бизнес жүргізудің ағымдағы және болашақ жағдайын бағалау оң қалпында қалғандықтан, бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу** аймағында қалды.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>